

**Балтымова М.Р.,**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің  
қауымдастырылған профессоры, ф. ф. к., Ақтөбе қ., Қазақстан,  
e-mail: mbr76@mail.ru

## **ӘДЕБИЕТТЕГІ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚАЙНАРЫ**

Мақалада көркем шығармалардағы батырлар образы қарастырылған. Мұнда ақын-жазушыларымыз М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында, Ғ.Қараштың «Сырым батыр» тарихи жырында, Ж.Тілешовтің «Сырым батыр» дастанында, Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» тарихи драмасында, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында, Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогияларында, Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романында сомдалған Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Сырым батырлардыңкөркем бейнелеріне әдеби зерттеулермен, тарихи деректермен салыстыра талдау жасалған. Халқымыздың көне дәуірдегі қаһармандық күресі, тарихи тұлғаларымыздың образы тарихи жырлар мен романдарда көркемдікпен бейнеленеді. Қаламгерлеріміздің тарихи туындылардағы ерлікті, елдікті, ұлттық құндылықтарды насихаттау идеясы әдебиетімізде маңызды орын алады. Сондықтан тарихи туындыларды оқыту арқылы білім беру – халықтың мол тағылымдық мұрасынан сусындату. Қазақ халқы батырларының қаһармандық бейнесін көркемдеп жасаған ақын-жазушылардың еңбегін ерлікке балаған автор олардың тарихи туындыларын төл тарихымыздың көркем беттеріне теңейді, сондықтан қаламгерлеріміздің бұл арнадағы еңбектері ұрпақ тәрбиесіне қосылған елеулі үлес деп санайды.

**Түйін сөздер:** тарихи роман, тарихи жыр, ұлттық құндылық, батырлар образы,көркем бейнелеу,ұрпақ тәрбиесі, ерлік тағылымы.

Baltymova M.R.

### **Images of heroes in literature – a source of public education**

The image of heroes in art works is analyzed in the article. In the comparative aspect, the characters of heroes Kobylandy, Kabanbai, Bogenbai, Bayan, Syrym are analyzed in historical documents and literary studies, historical works of famous poets and writers. Thus, it considers the poem «Valiant Bayan» by M. Zhumabaev, the historical legend «Syrym batyr» by G. Karash, the poem «Syrym batyr» by Zh. Tleshov, the historical drama «The pledge of the future» by G. Musrepov, the trilogy «Nomads» by I.Esenberlin, «Pleiades – the constellation of hope», «Flares» of A. Kekilbayev and «Daraboz» by K. Zhumadilov, the novel «The troubled times» by K. Muhanbetkaliuli. The main subjects of historical legends and novels are the struggle against enemies, supplemented by a bright and artistic depiction of historical personalities. The idea of propaganda of courage, statehood and national values occupies an important place in our literature. In this regard, the teaching of literature through the study of historical works is the source of the rich heritage of our people. The author evaluates the works of poets and writers who created heroic images of folk batyrs as a feat and considers it a significant contribution to the upbringing of the younger generation.

**Key words:** historical novel, historical poem, national value, images of heroes, artistic description, education of the generation, examples of heroism.

Балтымова М.Р.

### **Образы батыров в литературе – источник народного воспитания**

В статье дан анализ образа батыров в художественных произведениях. В сравнительном аспекте проанализированы образы героев Кобыланды, Кабанбая, Богенбая, Баяна, Сырыма

в исторических документах и литературных исследованиях, исторических произведениях известных поэтов и писателей. Таким образом рассмотрены поэма «Доблестный Баян» Жумабаева М., историческое сказание «Сырым батыр» Караша Г., дастан «Сырым батыр» Тлешова Ж., историческая драма «Залог будущего» Мусрепова Г., трилогия «Кочевники» Есенберлина И., диалоги «Плеяды – созвездие надежды», «Всполохи» Кекилбаева А. и «Дарабоз» Жумадилова К., роман «Смутные времена» Муханбеткалиулы К. Основными сюжетами исторических сказаний и романов является борьба с врагами, дополненные ярким и художественным изображением исторических личностей. Идея пропаганды мужества, государственности и национальных ценностей занимает важное место в нашей литературе. В связи с этим обучение литературе посредством изучения исторических произведений является источником богатого наследия нашего народа. Труды поэтов и писателей, которые создали героические образы народных батыров, автор оценивает как подвиг и считает значительным вкладом в воспитание молодого поколения.

**Ключевые слова:** исторический роман, историческая поэма, национальная ценность, образы батыров, художественное описание, воспитание поколения, примеры героизма

Тарихи романдарда қаламгерлер халықтың өткен тұрмыс-тіршілігін тарихи деректер негізінде бүгінгі жағдаймен байланыстыратын көркем бейнелер арқылы аша түседі. Яғни тарихи романның оқиғасы өткеннің қай кезеңін көрсетуге арналса да, онда ерлікті, елдікті, ұлттық құндылықтарды насихаттау идеясы маңызды орын алады. Тарихи романдарда халықтың көне дәуірдегі қаһармандық күресі мен тарихы, ұлы тұлғалардың іс-әрекеті нақты қырынан суреттеледі. Бұл ретте тарихи роман эпостық дәстүрді жаңа сапаға көтерді. Тарихи туындыларда батырлар образы кең және ауқымды көрініс тапқан. Ғалым Б.У.Әзібаева әдебиетіміздегі батырлар бейнесі туралы: «Ең бастысы батырдың тұлғалылығы мен ерлігіне көп көңіл бөлінеді, әдетте оның халқы үшін жанын пайда қылуға дайын екендігі және де еліне адалдығы суреттеледі», – дейді [1, 3].

Бүгінгі қазақ әдебиетінің алтын қорын құрайтын көлемді, құнды туындылардың бірі І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының идеялық-көркемдік концепциясы терең, мұнда халқымыздың ХҮ-ХІХ ғасырлардағы азаттық күресінің шешуші кезеңдері, елдің әлеуметтік жағдайы, ел қорғаған ерлердің ерлігімен батырлығы сипатталады. Мұнда бейнеленген тарихи тұлғалар қатарында «Алмас қылыш» романындағы Қаптағай, Бөрібай, Қарақожа, Ноғай, Қобыланды, Орақ, Саян, Қаражал, Қамбар, Сұлтан; «Жанталас» романындағы Қабанбай, Бөгенбай, Елшібек, Қияқ, Тұяқ, Баян, Тайман, Жолымбет; «Қаһар» романындағы Сейтен, Есенкелді, Саржан, Байтабын, Наурызбай, Ағыбай, Иман, Төлебай, Басықара, Жанайдар, Бұхарбай, Есіркеген секілді батырлар бейнесі әрқилы суреттеу үлгісімен сипатталған. Солардың қатарында Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Баян батырлардың көркемдік бейнесі әдебиетімізде мол суреттелген.

Қарақыпшақ Қобыланды батырдың Ақтөбе жерінде мәңгілікке тыныстаған орнында ескерткіш орнатылып, кесене тұрғызылып, оны ұлықтау рәсімінің кең көлемде аталып өтуі әдеби-тарихи зерттеулердің нәтижесінде жүзеге асты. Тарихи деректерге сүйенсек, Қарақыпшақ Қобыланды – шамамен ХҮ ғасырда өмір сүрген тарихи қайраткер. Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілқайыр ханның бас батыры болған. Қазақ хандығының бөлінуіне де осы Қобыланды батыр себеп болған делінеді.

Түркітанушы ғалым В.В. Радлов Қобыланды батыр туралы аңыз-әңгімені алғаш рет баспа бетінде жарияласа, «Қобыланды батыр» жырының алғаш жарық көруі ХІХ ғасырдан басталады. Жырдың Марабай нұсқасын жазып алған Ы. Алтынсарин оның «Тайбурылдың шабысы» деген тармағын «Қырғыз хрестоматиясына» (1879) енгізген. Ал «Қобыланды батыр» жыры туралы алғаш рет «Женщины по киргизской былине Кобыланды» деген көлемді мақаласын Ә.Бөкейханов «Туркестанские ведомости» газетінде жариялады, содан кейін 1925 жылы «Таң» журналында М. Әуезовтің «Қобыланды батыр» атты зерттеу еңбегі жарық көрді, ал ғалым М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» жырын зерттеп, 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, жырдың 15 түрлі нұсқасын жариялады, бүгінде жырдың 29 нұсқасы белгілі. Оның жиырма алтысында Қобыланды батырдың ерліктері жырланса, үшеуі ұрпақтарының іс-әрекеттерін баяндауға арналған. Ал Қобыланды батырдың эпостық қаһарманнан тарихи тұлғаға айналуы, 2007 жылы Ақтөбе қаласында «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өткізілуі «Қобыланды батыр»

жырының зерттелуінің тағы бір жаңа белесі болды.

Батыр бейнесінің әдебиетіміздегі көрінісі І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында жалғасын тапты. Романның сюжеттік желісі ХҮ ғ. біртұтас Қазақ хандығын құру жолындағы Әбілқайыр хан мен Керей, Жәнібек сұлтандар арасындағы тартысқа құрылған. Романның негізгі оқиғалары Қарақыпшақ Қобыланды батыр бейнесі арқылы өріледі. «Бұл атақты Қажымұқан балуанның он екінші атасы. Қазақ пен Ноғай бөлінгенде айтылған «жылау, жылау, жылау күй» жырындағы «қара орманынан айрылған», Торғай мен Ор бойына Қаратау маңынан, Арыс пен Бадам өзендерінің тоғысқан жеріндегі Қараспан тауынан көшіп келген, қазақтың атан жілік, арқар мүйіз батырларының бірі», – деп сипаттаған [2, 26] Қобыланды батырдың бейнесін жазушы макрокеңістік пен микрокеңістікті қатар бейнелеу тәсілін шебер қолдана отырып сомдайды. Әбілқайыр ханның айдап салуымен Қобыланды батырдың қолынан қаза тапқан Ақжол бидің қаралы ордасының: «Орданың сырты қандай болса, іші де сондай қан жылаған екен. Алтын, күміспен зерлеген қара сырлы уық, кереге, бақан. Абажадай қара шаңырақтан жерге салбыраған қара шуда жіптен өрген шашақты тұжырма. Үй іші адамның зәресін алып, құтын қашырғандай... Жырау сыбырлай зарлайды... Жалғыз ұлынан айрылған қарт жырау ұзақ сарнады...» – деген көрінісі арқылы жазушы аяулы арысынан айрылған елдің, белгілі биінен айрылған қазақтың игі жақсыларының, көкірегі қайғыдан қарс айрылған жыраудың бейнесін, осы арқылы қазақ халқының өлікті құрметтеу дәстүрін сөзбен, іс-қимылмен, психологиялық толғаныспен шебер бейнелейді [2, 84-87].

Бұл туралы тарихшы Қ.Салғараұлы: «...Қобыландының Дайырқожаны өлтіруі – елдің екіге айрылуының себебі емес, тек желеуі, ал елдің екіге айрылуының тарихи шындығы басқада. Есен Бұғының Керей мен Жәнібек сұлтандарға Шу өңірінен шұрайлы жерді сайлап беруінде терістік шығыстан еміне енген ойраттар мен оңтүстік-батыстан көзінің сұғын қадаған Ақсақ Темірдің шөбересі Әбу Саид мырзаға арқа сүйеген өз ағасы Жүніске қарсы күресте өзбек жауынгер жігіттерін қалқан етемін деген мақсаты, ізгі үміті жатыр», – деп жазады [3, 45]. Батыр бейнесі қашан да халық жүрегінде сақталатын тұлға. Оның ерлігі – халық ерлігі. Оның ісі қашан да халқынан қолдау тауып отырған. І.Есенберлин өзінің жазушылық шеберлігі мен образ жасау тәсілін шебер қолдана отырып,

халық батырының қайшылықты бейнесін сәтті жасап шыққан.

Қиын-қыстау кезеңде тәуекелге бел буған батырының соңынан халқы да ерген. І.Есенберлиннің «Жанталас» романында Қабанбай батырдың нәрсенің де байыбына барып, ақылмен ойлап, керек кезінде шешен, қажет болса, басшы болғаны сипатталады: «Ал, халайық! Келе жатқан осал жау емес... Елімізді, жерімізді сақтап қалу үшін бізден жүректілік табылар, тек бірлік керек. Түркістанды жауға берсеңдер, қазақ елінің шаңырағы құлап түскені. Жас деп қырын қарамандар, еріңіздер мына Елшібек ердің соңынан! Талаптының алдынан нұр жауар. Ел бастаймын деген батырдан қашанда батылдық табылады!» [2, 260]. Қабанбай батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі айтулы ірі шайқастардың бәріне қатысқан, «Хан батыры», «Дарабоз» деген атақтарға ие болған. Сан рет шайқас алдындағы жекпе-жекке шығып, жаудың батырларын жер жастандырып, жауынгерлерін жеңіске рухтандырып отырған. Халқы оны «Қаракерей Қабанбай» деп құрметтеп, есімін жырға қосып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Халық арасында Қабанбай батыр жөнінде аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар өте көп, солардың ең көрнектісі және көп тарағаны «Қаракерей Қабанбай батыр» жыры.

Бұл жырдың негізгі оқиғалары Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романына негіз болған, мұнда жазушы Қабанбайдың батырлық ғұмырындағы тарихи мәні жоғары оқиғаларды суреттеп, Арқауылмен, Әтеке жырықпен, Қарабекпен жекпе-жектерін суреттейді. Батыр туралы тарихи жырлар мен аңыздардың желісіне сүйенсек, оның есімі Ерасыл – Избасар – Қабан – Қабанбай – Дарабоз болып өзгерген және әрқайсысының шығу тегі әр түрлі тарихи оқиғамен байланысты болып отырған. «Дарабоз» есімін Абылай хан берген. Тарихи құжаттарда Қабанбай батырдың ел арасының бітімгершілігінде жүрген дана, би ретінде де айтылады. «Дарабоз» романында Қабанбай батыр бейнесі асқақ шыққан. Жоңғарларға қарсы азаттық соғысынан батырдың жеңіспен қазақ жеріне оралған кездегі батырдың жан толқынысы мен көңіл қуанышын жазушы: «Қабанбай бір топ батырлар қоршауында, басқалардан оқ бойы алда келе жатқан-ды. Мерейі үстем, көңілі көтеріңкі. ...Өмірінде талай жорықтардан олжалы оралып жүрсе де, өзін дәл осы жолғыдай бақытты сезініп көрген емес... оның көз алдында ұрыстан қалжыраған қазақ даласы да дәл қазір төрт құбыласы түгенделіп, төрт пұшпағын төрт тарапқа жіберіп, еркін ты-

ныстап жатқан батыр сияқтанды» [4, 415], – деп бейнелейді. Бұл жерде жазушы елі, жері үшін жанын аямаған қазақ батыры мен дархан қазақ даласын қатар қойып, батырын қару қылса, даласын дана етіп әсірелейді. Батыр бейнесін жасауға автор әр қырынан келеді, Қабанбай ауырып, қоштасқандай болғанда, бәйбішесі Майсары батырдың қарындасы Ханбибі: «Тағдыр бізге Қабанбайдай батырдың қосағы болуды жазса, одан артық құдайдан тілейтініміз не? Қол бастап жауға аттанғаның – қуаныш болмап па еді біз үшін?! Сен – отбасына ғана пана емес, иісі қазаққа қорған болған адамсың... Бізге сенің алыстағы айбының, басымызға қондырған бағың да жетеді!» – деп батырын ұлықтаса [4, 383], өз батыры Әтекенің кегін алу үшін ауырып жатқан батырды мұқалтуға келген қырғыздардың оның ат үстінде тұрғанын көргенде: «Мәссаған, мынау Қабанбай батыр ғой! Енді соғысуда мән жоқ. Батырдың аяғына жығылып кешірім сұрайық!» – деген сөзі оның аруақты айбынын, қажырлы қайратын, қаһарын көрсетеді [4, 401].

Қазақтың қас батырларының бірі Бөгенбай бейнесі де І. Есенберлиннің «Жанталас» романында кездеседі: «...Сол дүрліккеннің бірі Арқадан бес жүз сарбазбен келген Бөгенбай батыр еді. ...Әбілқайырдың бұл кезде сонау Жайық бойында жорықта жүргенінен хабардар Бөгенбай ғана қызуын баса алмаған. «Әбілқайыр үлгере алмайды, Хиуа жолына біз жақынбыз!» деп Бөгенбай ханға келіп жорыққа шығуын өтінген. Бірақ Әбілқайырға өкпелі хан көнбеген. Ашуға мінген Бөгенбай өзінің бес жүз жігітіне атқа қонуға бұйырған. ...Ұрыс біткеннен кейін, Бөгенбай жігіттерімен Кіші жүз еліне қонаққа барған, Бөгенбайдың батырлығына риза болған Әбілқайыр және бұл секілді батырды өз жағында ұстауды жөн көріп, Сақыпжамалды Бөгенбайға қосты». Біз осы жолдардан Бөгенбай батырдың көзсіз ерлігіне куә боламыз, ал қызын қараға бермес хан тұқымының қарындасын батырға қосуы ерлеріміздің абыройын көрсетеді. Ел тағдыры сынға түскен сол заманда ісімен ғана емес, сөзімен де қалың қазақты мойындата білген батырдың бейнесі романда былай сипатталады: «...Жылан мен мысық арбасуындай, Ақ Орда ішін бір суық ызғар биледі. Ашулы Барақ тағы сөйлемек болып келе жатыр еді, бағанадан бері жұмған аузын ашпай отырған Бөгенбай жартас үстіне қонған бүркіттей қомданып саңқ ете қалды ...Бөгенбай ат арқасына ерте қонған батыр еді. Осыдан он бес жыл бұрын өзі Үргеніш жақта жорықта жүргенде, жоңғардың бір аламан жасағы ауылын шауып, қатын-

баласын найзалап өлтіріп кеткен. Содан бері Бөгенбай ер үстінен түскен емес. Еліміздің жат жауларыменен сан айқасты. Және үнемі жеңіп жүрді. Бұл күнде атағы алты алашқа аян болып, даңқының көтерілгені соншалық, тіпті бұл істемеген ерлікті де қазақ бұған таңды. Бөгенбай аңызға айналды. Халқының осыншама құрметі мен өзінің жеке басының батырлығы арқасында, ол жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ елінің жауына қарсы жалау етіп көтерген көсемдерінің бірі болды, қандай хан болсын, сұлтан болсын Бөгенбаймен ақылдаспай майданға шықпайтын күйге жеткен» [2, 320].

Қазақтың қай батыры, жырауы, шешені болсын ел басына күн туғанда бес қаруын асынып тірек болса, шешімі жоқ таласы көп дауда би де бола алады. Олардың дәлелді сөзіне хан да, сұлтан да құлақ асқан. «Алты алаштың айдары» атанған Бөгенбай батырдың парасаттылығы, терең ойлылығы, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ер үстінен түспей елінің жай-күйін ойлағаны көрнекті жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» атты тарихи романдарында романда көрініс тапқан. Жазушы Бөгенбай батырдың Есет, Жәнібек батырлармен бірге Әбілқайыр ханның алынбас қамалына, қолдаушыларына айналғанын көркем суреттеген [5, 247].

І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы келесі бір күрделі тұлға Батыр Баян туралы: «...Ол Іле бойында бұрын да қалмақпен сан айқасқан, сан жеңген, жау жағына бұрыннан белгілі батыр. Ақбоз атын қол алдында көсілдіре салып келе жатқан жігітті көргенде жоңғарлар «Батыр Баян» деп шу ете түсті» [2, 422], – делінген. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жерін, атамекенін сақтаған сол бір арпалыста өзінің жанкешті әрекетімен көрінер Баян батырдың көзсіз ерлігінен оның үлкен отаншылдық және намысшылдық сезімінің куәсі боламыз. Батыр Баян қалмаққа қашқан інісі мен оның ғашығына садақ тартады. Осы ісі жүрегіне күйік болып қадалады. Қан майданнан ажал іздеп, ақыры оған кезігеді. Трагедия Батыр Баян бейнесін асқақтата түседі. Ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын Баян ұлт тілегін жеке басының құлқынына айырбастайтын уақ кісі емес. Баян оғы – намыссыздыққа, ел мүддесін аяққа басқандыққа төзбейтін ыза-назаның оғы еді. Романдағы хикаяның басты идеясы бұл жолы М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасымен сабақтасады. Поэманың Батыр Баянға арналған бөлігін Р.Нұрғали «шығарманың күре тамыры» деп нақ айтқан. Шығармада ордаға «Жау қайда?» деп, ұрандап жиылған өңшең ноян, ба-

тырлар мен жыраулардың жиналғанына біраз уақыт өтсе де, Абылай хан Баян батыр келмесе жауға аттанбайтынын хабарлайды. Жиналғандар арасында Қанжығалы Бөгенбайдай, Қошқарұлы Жәнібектей әйгілі қолбасшы батырлар, Бұқар, Тәтіқара сияқты жыраулар болса да «наркескен», «қайтпас болат», өзгелерден ерекше дара тұлғалығы, ойын тура және қарсы айта алатын жүректі, батылдығы жас батыр Баянды күттіреді. Хан кешігіп келген батырдан себебін сұрамай, оның артында бір сыр барын сезеді, жанынан орын беріп, құрмет көрсетеді әрі өз жарлығына қарсы сөз айтуын түсіністікпен кешіреді [6, 136].

Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген белгілі жазушы Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романы қазақтың атақты биі әрі батыры Сырым Датұлының бейнесін жасауға арналған. Батырдың Ресей отаршылдығына қарсы іс-әрекеттері романдағы тарихи шындықтың көркемдік шешімімен сипатталған. Отаршылдық саясатты қазақ даласында жүзеге асырушы казак-орыстар қазақ ауылдарын барымталап, ауылдарды ойрандаса, Сырым батыр да олардың күтірлерін (хуторларын) шабады. Отаршылдардың арнайы жазалау жорықтарынан қорғанып, қарауындағы елді бұрынғы қоныстарынан көшіріп, жаңа қоныстарға орналастырады.

Әдебиетімізде С.Датұлы туралы көркем туындылар бар. XX ғасырдың басында ақын Ғ.Қарашбатырдың болмысын былайша жырлайды: «Сырым деген ер болған, Халқының қамын жер болған» [8, 258-306]. Ал Ж.Тілешовтің дастанында: «...Еңіреген еріңмін, Асқақтап аққан Жайықпын, Атыраудай асау теңізбін, Топанымын халық кегінің», – деп, халықтың кегін қайтаруды көздеген батырдың өр тұлғасы сомдалған [9, 36]. Батыр әрі би Сырымның шешендік сөздері «Шешендік сөздер» (1967), «Ел аузынан» (1989) жинақтарында берілген. С.Датұлының қоғамдық-саяси қызметі жазушы Ғ.Мүсіреповтің тарихи драмасында суреттелген, туындының негізгі идеясы ұлт азаттығы, халықтың өзін-өзі билеуі жөніндегі идеямен ұштасып жатады. Жазушы Сырымның: «Қай ел болса да өзінің қандай ел екенін өз тізгіні өз қолында тұрғанда ғана көрсете алады», – деген сөздері арқылы батырдың асқақ арманы мен аманаты халқының тәуелсіздігі екеніноқырманға жеткізе білген [10, 16-40]. Әдебиетіміздегі С.Датұлы туралы осындай туындылардан кейін Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романында батырдың көсемдік-басшылық образы

реалистікпен сомдалған: «Түсі сұп-суық, Сесінің өзі-ақ жұртты оған еріксіз бойұсындырып, байлап-матап тастаған. Дәл осы сәтте ол не айтса да, мына ел, қалың ағайын, оның сөзін екі етпеге қайыл еді» [7, 534], «Томай құлақ ұзын торы аттың үстінде тіп-тік шаншылып отырған күйі көзін қарсы алдына қадаған қалпынан танбастан, сіресіп тұр. Әшейінде де апсағай ірі кісі, қысқы қалың киімімен түйедей торы аттың үстінде төбедей боп отырғанында тіпті айбынданып кетеді екен» [7, 232].

Романда елі мен жерінің тағдырына алаңдаған Сырым бидің ішкі толғанысын жазушы психологизммен көркем бейнелеген: «Тек әуелі жан түкпірінен Айрауықтың ащы күйінде аңыраған бір азалы сарын бас көтеріп келе жатқанын ғана байқаған. Сәлден кейін сол бір өзегін өртеп, өн бойын шымырлатқан азалы сарын тұрлаусыз мына жалғанның опасыздығын паш етіп, бастарынан кешкенді қара қобызбен кейінгіге күңірене толғаған бағзыдағы бабалардың өксік пен өкінішке толы жыры мен зарына айналып, оқыстан «А-а-ай-и-и-и»-лап, ышқынып, мұның көкірегінен ал кеп ақтарылсын-ай... тоқтаусыз боздасын-ай!!! ...Апыр-ай, мынау не сұмдық еді?! Жеті жұрт ауған бұ қоныстың бұларға да қайырсыз болғалы тұрғаны ма, сонда?! ...» [7, 134-135]. Ширек ғасырға жуық төл тарихымызды, С.Датұлы туралы деректерді зерттеген жазушы Қ.Мұханбетқалиұлы шын мәнінде ұлт-азаттық қозғалыстардың бастауында тұрған ерен ердің көркем образын жасай алды. Қаламгердің халық даналығын, мақал-мәтелдерді, би-шешендердің қанатты сөздерін поэтикалық-көркемдік шешіммен үйлесімді қолдана білгендігі романның көркемдік сипатын күшейтіп тұр.

Ақын-жазушыларымыз М. Жұмабаев, І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Ғ. Қараш, Ж. Тілешов батырлар бейнесін суреттеу арқылы қаһармандық танытты, халық алдындағы қаламгерлік парызын өтеді. Қаламмен сомдалған батырлар бейнесі – тарихи факті мен көркемдік сипатты бойына жинақтаған біртұтас бейнелер. Мәселен, І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясында қазақ батырларының бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кездеспеген біртұтас топтама-сы жасалған. Батырларымыздың қаһармандық бейнесін көркемдеп жасау – жазушының ерлігі. Тарихи туындылардың әрқайсысы – төл тарихымыздың көркем беттері, сондықтан ақын-жазушыларымыздың бұл арнадағы еңбектері ұрпақ тәрбиесіне қосылған елеулі үлес. Қаламгерлерімізді осы тұрғыдан келген-

де нағыз патриоттар деп атауға болады, олар – ұлтын сүйетін ұлт жанашырлары және ұлт жазушылары.

Әдебиеттегі кейіпкерлерді зерттеу барысында олардың отаншылдық қасиеттеріне, тұлғалық роліне және жеке адам ретіндегі іс-әрекетіне назар аударамыз. Себебі кейіпкер әдеби категория болғанымен, оның қоғамдағы ролі ғылыми-философиялық негіздеуге келіп тіреледі. Жеке адам немесе индивид – ғылымда жекеше, тұлға – ерекше, адам – жалпылықты білдіретін ұғымдарға жатады, осы жерде тарихи романның тағы бір ерекшелігі мұнда тарихи тұлғалар образы суреттеледі. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында қазақ тарихын ғылыми танудың жаңа жолдарын іздестіру мәселесі батыл көтерген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз

мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» [11], – деп атап көрсеткеніндей, тарихи туындыларды оқыту арқылы білім беру – халықтың мол тағылымдық мұрасынан сусындату. Сондықтан жас ұрпақ тарихи тұлғаларды біліп, олардың ерліктерінен сусындап өсуге тиісті.

Елдің еркіндігі мен азаттығы, теңдігі үшін күрескен, Тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған жалынды күрескерлері батырларымыздың рухын еске алып, істерін үлгі тұтып, сөздерінен тағылым алып, есімін қастерлеу, осы арқылы кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу бәрімізге ортақ парыз болуға тиіс. Олай болса, халық қамы үшін күресіп, ерлігімен, даналығымен, шешендігімен тосын жерден жол тапқан батырларымыздың әдебиеттегі бейнесі – тәрбие құралы.

#### Әдебиеттер

- 1 Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос: автореф. ... докт. филол. наук.: 10.01.09. – Алматы: Институт литературы и искусства, 1998. – 53 с. – Б. 3.
- 2 Есенберлин И. Көшпенділер /Тарихи трилогия. – Алматы, 1998. – 581 б. – Б. 10, 26, 84-87, 260, 320, 422.
- 3 Салғараұлы Қ. Қазақтар: Роман-эссе. – Алматы: «Өнер», 1996. – 352 б. – Б. 45.
- 4 Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 1996. – 416 б. – Б. 383, 401, 415.
- 5 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке», 1999. – 3-т. – 400 б. – Б. 247.
- 6 Жұмабаев М. Батыр Баян // Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы, Жазушы, 2008. – 208 б. – Б. 136.
- 7 Мұханбетқалиұлы Қ. Тар кезең. Тарихи роман. – Алматы: Мереке баспасы, 2012. – 584 б. – Б. 134-135, 232, 534.
- 8 Қараш Ғ. Сырым батыр (толғау) // Сырым Датұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 151 б. – Б. 258-306.
- 9 Тілешов Ж. Сырым батыр // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 21 тамыз. – Б. 36.
- 10 Мүсірепов Ғ. Болашаққа аманат. Тарихи драма // Жұлдыз. – 1981. – №1. – Б. 16-40.
- 11 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. – 17 қаңтар 2014 жыл// <http://www.akorda.kz>

#### References

- 1 Azibayeva B.U. Kazahsky dastanny epos: avtoref. ... dokt. filol. nauk.: 10.01.09.– Almaty: Institutliteraturyiiskustva, 1998. – 53 s. – B. 3.
- 2 Yesenberlin I. Koshpendiler /Tarihi trilogiya.– Almaty, 1998. – 581 b. – B. 10, 26, 84-87, 260, 320, 422.
- 3 Salgarauly Q. Qazaqtar: Roman-esse. – Almaty: «Oner», 1996. – 352 b. – B. 45.
- 4 Zhumadilov Q. Daraboz: Tarihi roman. Ekinshikitap. – Almaty:Zhazushy, 1996. – 416 b. – B. 383, 401, 415.
- 5 Kekilbaiuly A. On ekitomdykshygarmalarzhinagy. – Almaty: «Olke», 1999. – 3-t. – 400 b. – B. 247.
- 6 Zhumabayev M. Batyr Bayan // Zhumabayev M. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. 1-tom. Olender, dastandar, angime. – Almaty, Zhazushy, 2008. – 208 b. – B. 136.
- 7 Muhanbetkaliuly Q. Tar kezen. Tarihi roman. – Almaty: Merekebaspasy, 2012. – 584 b. – B. 134-135, 232, 534.
- 8 Qarash G. Syrymbatyr (tolgau) // SyrymDatuly. – Almaty: «Arys» baspasy, 2004. – 151 b. – B. 258-306.
- 9 Tleshov Zh. Syrym batyr // Qazaq adebiety. – 1992. – 21 tamyz. – B. 36.
- 10 Musrepov G. Bolashaqqa amanat. Tarihi drama // Zhulduz. – 1981. – №1. – B. 16-40.
- 11 QR Prezidenti N.A.Nazarbayevting «Qazaqstan zholy – 2050: Bir maqsat, bir mudde, bir bolashaq» Qazaqstan halqyna zholdauy. – 17 qangtar 2014 zhyly//<http://www.akorda.kz>